



7. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы, желтоқсан айының 26-шы күніндегі N 2732 "Бухгалтерлік есеп туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілерінде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру оның басшысына жүктеледі.

**Жеке кәсіпкерлердің есеп беруін құрастыруы және есеп жүргізуі**

8. Жеке кәсіпкерлер өз қызметінде есепті салықтық заң жиынтығы анықтайтын тәртіп бойынша жүргізеді.

9. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын жеке кәсіпкерлер, есеп беру кезіндегі кіріс пен шығыс сомаларын, тіркелген орнында салық мекемелерімен берілетін кітабында көрсетеді.<\*>

<\*> Ескерту. 1996 жылғы 19-шы маусымдағы N 135-1 ҚРЗ "Жеке кәсіпкерлік туралы" Заңындағы 9 баптың 1 тармағы.

10. Шаруашылық операциялар, екі жақты жазбаны және субъектінің қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп жоспар шотын қолданбай, хронологиялық тәртіп бойынша (алғашқы құжаттар негізінде) позициялы тәсілмен кітапта көрсетіледі.

11. Кітапты жүргізу кезінде кәсіпкер, ақпараттарды қолданушылардың әрқайсысына жеткілікті тілді қолдануы керек. Қысқартуларды пайдаланған жағдайда, шартты белгіленген жазбалар және олардың мағыналарының рәмізіне әрбір нақты жағдайда ашық түрде түсінік берілу керек.

12. Кітап бір күнтізбелік жылға ашылады және ол нөмірленіп, жіппен байланып және салық органының мөр басылған бедерлемесімен бекітілуі керек. Кәсіпкердің қолымен куәландырылған соңғы бетте парақтар саны жазылады.

13. Кәсіпкер, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын тұрақты түрге негізделген еңбек ақыны төлеу бойынша есеп айырысу есебі үшін кітаппен қатар, есеп айырысу ведомостың жүргізуі керек, ол өз алдында төлем құжаты болып табылғанымен, еңбек ақысын беруді ресімдеуге арналған.

14. Кәсіпкерлерге қаржылық есеп беруін құрастыру мен көрсету туралы талап таратылмайды.

**Заңды тұлғалар болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің есеп беруін құрастыруы және есеп жүргізуі**

15. Заңды тұлға болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектілері салық базасын анықтайтын жеңілденген жүйесін қолданады, өздерінің шаруашылық операцияларын тізімде (салық органының бекітілген қалпы бойынша) бухгалтерлік есеп стандарттарында қарастырғандай екі жақты жазба тәсілдерін, қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп жоспар шотын және басқа да талаптарды қолданбауы керек.

16. Шаруашылық операциялар алғашқы есеп құжаттары арқылы рәсімделеді, олар төменде көрсетілген міндетті түрдегі деректемелер:

құжаттың (үлгінің) аты;  
құрастырылған мерзімі;  
шаруашылық операцияларының мазмұны;  
шаруашылық операцияларының өлшеуіші (сандық және құндық түрде);  
қызметтегі тұлғалардың аты;  
шаруашылық операцияларының жүргізілуі және оның дұрыс толтырылуына жауаптылар;

жеке қолтаңбалары және олардың мағынасының ашылуы.

17. Салық базасының жеңілденген жүйесін қолданбайтын субъектілер есепте шаруашылық операцияларын екі жақты жазба негізінде көрсетеді және төменде келтірілген талаптар есебімен есеп беруді құрастырады және есеп жүргізеді.

1) Кіріс пен шығысты тануы

Кіріс пен шығысты анықтаған кезде есептеу әдісі немесе есептің түрлендіру әдісі қолданылуы мүмкін.

2) Негізгі қорлардың есебі

Бухгалтерлік есепте негізгі қорларды кіріске алған сәтте алғашқы құны бойынша көрсетіледі және мұнда қайта жүргізу немесе негізгі қорды иемдену бойынша барлық фактілі шыққан керекті шығындар қосылады.

Негізгі қорлардың алғашқы құнын келтіру мақсатында белгілі бір мерзімге сәйкес жүргізіліп жатқан бағамен объектілерді қайта бағалау жүргізіледі. Қайта бағалау салықтық заңдар жиынтығының тәртібі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Объектінің шығуы кезінде қайта бағалаудың сомасы бөлінбейтін кіріске жатады.

Амортизацияны есептеу үшін келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

а) біркелкі (тікелей) есептен шығару әдісі. Бұл жағдайда амортизациялық аударымдар сомасы мынадан анықталады:

негізгі қорлардың қажетті қызмет мерзімі немесе салық заңдар жиынтығымен бекітілген амортизация мөлшерінің шектеуі.

б) салық заңдар жиынтығында қолданылатын әдіс пен тәртіп. Бұл жағдайда субъектінің шығыстарына салықтық мақсатта анықталатын сомаларға тең амортизациялық аударымдардың сомасы жатады.

Негізгі қорларға салынатын келесі күрделі салымдар (жетілдіруге, қайта құрастыруға, техникалық қайта жарактандыруларға кеткен шығындар), қолдану кезіндегі болашақ экономикалық тиімділікті ұлғайту шарты бойынша алғашқы құнды ұлғайтады. Техникалық жағдайын сақтау және қолдану мақсатында өндірілетін негізгі қорларды жөндеуі мен шығаруына кеткен шығындары, олардың өндірілген кезеңдегі шығыс ретінде танылуы керек.

3) Тауарлы-материалдық қорлардың есебі  
Тауарлы-материалдық қорлардың өзіндік құнын бағалау орташа өлшемдік  
құн әдісімен шығарылады.

Өткізілетін тауарлық-материалдық қорлардың өзіндік құны шығын ретінде  
және оған байланысты кіріс танылған есеп беру мерзімінде мойындалады.

Тауарлы-материалдық қорлардың қаржылық есеп беруі деректі өзіндік құны  
ретінде көрсетіледі.

4) Қаржылық инвестициялардың есебі  
Бухгалтерлік есепте және қаржылық есеп беруде қаржы инвестициялары  
сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

5) Табыс салығы бойынша есеп  
Қаржылық есеп беруінде көрсетілген табыс салығы бойынша салық төлемі,  
салықтық мақсатта мәлімделінген табыс салығына сәйкес болуы керек.

6) Бухгалтерлік есептің тізім (көрсеткіш) формалары  
Алғашқы есептік құжаттарда мазмұндалған ақпаратты қорытындылау, жіктеу  
және жинақтау үшін, сонымен қатар оны бухгалтерлік есепте және қаржылық  
есеп беруде көрсету үшін, субъект келесі құжаттарды жүргізе біледі:

а) шаруашылық операциялары есебінің кітабы;

б) бірнеше ведомостілер ретінде көрсетілген бухгалтерлік есеп тізімдері.

Шаруашылық операциялары есебінің кітабы (N 2-ші қосымша) материалдық  
ресурстардың көп шығындарымен байланысты өнім (жұмыс) өндірісі іске  
асырылмайтын субъектілерімен қолданылады.

Шаруашылық операциялары есебінің кітабі, талдау мен жинақтау есебінің  
тізімі болып табылады, оның негізінде ақша қаражаты мен мүліктің бар болуын  
анықтауға болады және олардың дерекнамаларын субъектіден белгілі бір  
мерзімге анықтай отырып қаржылық есеп беруін құрастыруға болады. Ол  
субъектпен қолданылатын бухгалтерлік шоттарды реттейді және олардың әр  
біреуінде шаруашылық операциялары есебін жүргізуге мүмкіндік жасайды.

Субъект, еңбек төлемақы бойынша есеп айырысу есебі үшін шаруашылық  
операциялары есебінің кітабімен қатар, шағын кәсіпкерлермен қолданылатын  
есеп айырысу ведомостіне ұқсас еңбек төлемақы бойынша есеп айырысу  
ведомостін жүргізеді (13-ші тармақ).

Өнім, жұмыс және қызмет өндірісін іске асыратын субъектілер,  
қаржылық-шаруашылық операцияларының есебі үшін келесі бухгалтерлік  
есептің тізімін қолдана біледі:

Ақша есебінің ведомості-В-1 нысаны (N 3-ші қосымша);

Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебінің ведомості-В-2 нысаны (N 4-ші  
қосымша) ;

есеп беруші тұлғалармен жүргізілетін есеп ведомості-В3 нысаны (N 5-ші

қ о с ы м ш а ) ;

Тауарлы-материалдық қорлар есебінің ведомості-В-4 нысаны (N 6-шы қ о с ы м ш а ) ;

Еңбек төлемақы есебінің ведомості-В-5 нысаны (N 7-ші қосымша);

Басқа операциялар және есеп айырысу есебінің ведомості-В-6 нысаны (N 8-ші қ о с ы м ш а ) ;

Есеп беру кезеңіндегі шығын есебінің ведомості-В-7 нысаны (N 9-ші қ о с ы м ш а ) ;

Негізгі қорлардың және материалды емес активтердің қозғалысы есебінің ведомості-В-8 нысаны (N 10-ші қосымша);

Амортизациялық аударымдар есебінің ведомості-В-9 нысаны (N 11-ші қ о с ы м ш а ) ;

Сатып алушылар мен тапсырыс иелері есебінің ведомості-В-10, В-10а нысандары (N 12,13-ші қосымшалар);

Қаржы инвестициялары есебінің ведомості-В-11 нысаны (N 14-ші қосымша).

Ведомостерде қолданылатын айналымдар бойынша қорытындылардың жинағы, жиынтық ведомостінде 15-ші қосымшаға сәйкес нысанда немесе бухгалтерлік баланс құрастырылатын 15-А қосымша нысаны негізінде ж а с а л ы н а д ы .

Жиынтық ведомості жинақ есебінің тізімі болып табылады, сонымен қатар ағымдағы есептің көрсеткішін жинақтау үшін және бухгалтерлік есеп шоттары бойынша жасалынатын жазулардың дұрыстығын өзара тексеру үшін арналған.

Субъект, есеп беру кезеңіндегі қаржылық қорытындыларды анықтау үшін, қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындысы туралы есеп беру негізінде құрастырылатын, таза табыс бойынша есеп айырысу (N 16-шы қосымша) кестесін қолданады. Ведомостілерді толтыру тәртібі N 17-ші қосымшада к ө р с е т і л г е н .

Жоғарыда көрсетілген тізімдерден басқа, субъектілер Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің бухгалтерлік есеп пен аудит әдістемелік Департаменті бекіткен бухгалтерлік есептің журналды-ордерлі нысанын қолдана алады. Бухгалтерлік баланс келесі көрсеткіштер құрамынан тұруы мүмкін:

" А к т и в " б ө л і м і н д е :

Материалдық емес активтер<\*>

Негізгі қорлар

Негізгі қорлар бойынша жинақталған тозуы<\*>

Тауарлы-материалдық қорлар, оның ішінде<\*\*\*>

Алуға арналған есептеулер

Болашақ кезеңдегі шығындар

Аванстық төлемдер

## Қаржы инвестициялары

Ақша қаражаттары

Ескерту. <\*> Амортизацияны санамағанда  
<\*> Баланс валютасына қосылмайды  
<\*\*\*> Үлкен үлес салмағы бар тауарлы-материалдық қорды көрсету керек.

"Меншік капитал" бөлімінде:

Жарғылық капитал  
Негізгі қорларды қайта бағалау сомасы  
Резервтік капитал  
Бөлінбеген пайда  
(жабылмаған шығын)

"Міндеттемелер" бөлімінде

Несиелер  
Төлеуге арналған есептеулер  
Салық бойынша берешек  
Басқада несиелік берешектер

Субъектілер қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындысы туралы есеп беруді екі формат бойынша құрастыра алады.

Бірінші формат келесі көрсеткіштерден тұрады:

Өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан алынатын табыс  
Сатылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны

Жалпы табыс

Кезеңдегі шығындар <\*>

Басқа да табыстар (шығындар)

Салық салғанға дейінгі табыс (шығын)

Салық салу тәртібімен сәйкес бухгалтерлік табысты түзетулер сомалары

Салық салынған табыс

Табыс салығы

Таза табыс (шығын)

<\*> Ескерту. Жалпы және әкімшілік шығындарды, сатуға кеткен шығындарды, проценттерді төлеуге кеткен шығындарды қосады.

Таза табыс (шығын), ағымдағы кезеңдегі, қызметтегі салық ставкасы бойынша салық салынған табыс сомаларынан есептелінген, табыс салығы мен салық салғанға дейінгі табыс арасындағы айырмашылығы ретінде анықталынады

Екінші формат келесі көрсеткіштерден тұрады:

Табыс

сатудан түскен

б а с қ а            т а б ы с т а р  
Ұстап қалуға тиісті шығындар  
сатып алынған тауарлы-материалдық қорлар, қызметтер  
тауарлы-материалдық қорлардағы өзгерістер  
ең б е к            т ө л е м а қ ы  
әлеуметтік сақтандыруға аударымдар  
амортизациялық аударымдар  
б а с қ а л а р ы  
Ұстап қалуға тиісті емес шығындар  
бюджетке апарылған айып санкциялары  
жұмыскерлердің тура және жанама табысы болып табылатын және  
кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жұмыс берушінің  
ш ы ғ ы н д а р ы  
б а с қ а л а р ы  
Қарапайым қызметтен түскен барлық шығындар  
Салық салуға дейінгі қарапайым қызметтен түскен табыс  
Т а б ы с            с а л ы ғ ы  
Т а з а            т а б ы с            ( ш ы ғ ы н )

Ұстап қалуға жататын шығын мен тұтас кіріс арасындағы алымы ретінде есептелінген салық салынған табыстан, табыс салығы анықталады.

Қаржылық есеп беруде өткен кезеңінде сәйкес көрсеткіштері көрсетілуі керек

Егер ағымдағы есеп беру кезеңіндегі қаржылық есеп беруді құрастырған кезде, соның ішінде маңызды қатерлерді түзетулер, ағымдағы кезеңдегі таза табыс пен шығындарды анықтау кезінде қосылады.

### **Күшіне ену мерзімі**

18. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

23-БЕУ-не

№ 18-Қосымша

### **ВЕДОМОСТЕРДІ ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІ**

Еңбекақы жөніндегі есеп айырысу ведомостісі

Еңбекақы жөніндегі есеп айырысу ведомостісін жалданған жұмыскерлер еңбегін пайдаланатын жеке-дара кәсіпкерлер, сондай-ақ шаруашылық операцияларын есепке алу кітабының негізінде бухгалтерлік есепті жүргізетін заңды тұлғалар қолданады. Есеп айырысу ведомостісі жұмыскерлермен еңбекақы жөніндегі есеп айырысуларды есепке алу, сондай-ақ орнықты тәртіппен жұмыскерлердің еңбекақы сомаларынан мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

Қорына, міндетті медициналық сақтандыру Қорына, еңбекпен қамтуға ықпал ету Қорына, зейнетақыны төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа міндетті жарналар мен аударымдардың сомаларын анықтау үшін арналады. Есеп айырысу ведомостісі сонымен бірге төлем құжаты болып табылады және шағын кәсіпкерлік субъектісінің жұмыскерлеріне жалақыны беруді рәсімдеу үшін арналады. "Жазылған жалақы" бағанында жұмыскерлерге атқарған жұмысы үшін жазылған еңбекақы жөніндегі сомалар көрсетіледі және бір мезгілде. "Табыс салығы ұсталынды" бағанында еңбекақы жөнінде жазылған сомалардан ұстап қалу жүргізіледі (Қазақстан Республикасының заңдар жиынтығына сәйкес жеке тұлғалардан табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары және басқалар).

Ақша қаражаттарын есепке алу ведомостісі (В-1)

В-1 нысанындағы ведомость 41-ші "Ақша аударымдары", 42-ші "Ақша қаражаттары банктің арнаулы есепшоттарында", 43-ші "Валюталық есепшоттағы қолма-қол ақша", 44-ші "Есеп айырысу есепшотындағы қолма-қол ақша", 45-ші "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелерінің бухгалтерлік есепшоттарында көрсетілген операцияларды есепке алу үшін арналған.

Ведомостіде кассадағы қолма-қол ақшаны есепке алу жөніндегі жазбалар кассалық операциялар туралы есеп беру негізінде жүргізіледі.

Ақшаларды қабылдау және беру, кіріс және шығыс құжаттарын ресімдеу, кассалық кітапты жүргізу және кассалық операциялар туралы есеп беруді жасақтау жалпы тағайындалған тәртіппен атқарылады.

Ведомостіде есеп айырысу есепшоты және басқа есепшоттар бойынша ақшаларды есепке алу жөніндегі жазбалар банктің шығасылы қағаздарының және оларға қосарланған құжаттар негізінде жүргізіледі.

Ведомостінің "Дата" бағаны банктің есеп беру мезгілі ішінде түсетін шығасылы қағазының бастапқы және соңғы даталарын көрсетуге арналған.

"Операциялардың мазмұны" бағаны касса және банк есепшоттары арқылы өткізілген шаруашылық операцияларын тіркеу үшін арналады.

Есеп беру мезгілінің соңында ведомостіде есеп беру мезгілінің соңындағы сальдо көрініс табады, содан кейін ол Жиынтық ведомостіге және келесі есеп беру мезгіліне ашылатын ведомостіге көшіріледі.

Жеткізілімшілермен есеп айырысуларды есепке алу ведомостісі (В-2)

В-2 нысанындағы ведомость 671-ші "Жеткізілімшілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" есепшотында ескерілетін жеткізілімшілермен (мердігерлермен) есеп айырысуларды есепке алу үшін арналады.

Ведомость субъект берешегінің қалдықтарын жеткізілімшілер (мердігерлер) есепшоттарының қимасында бұрнағы есеп беру мезгіліндегі ведомостісінен  
к ө ш і р у ж о л ы м е н а ш ы л а д ы .

671-ші "Жеткізілімшілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" (6-8-



бағандар) есепшоттағы несие жөніндегі ведомостіге жазбалар жеткізілімшілердің (мердігерлердің) орындаған жұмыстары мен қызметтері, сондай-ақ алынған тауарлық-материалдық запастар үшін есепшоттар мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.

671-ші "Жеткізілімшілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" (10-13-бағандар) есепшоттың дебеті бойынша жеткізілімшілердің (мердігерлердің) есепшоттарын төлеу жөніндегі (42-ші "Банктердің арнаулы есепшоттарындағы ақша қаражаттары", 43-ші "Валюталық есепшоттағы қолма-қол ақша", 44-ші "Есеп айырысу есепшотындағы қолма-қол ақша", 45-ші "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелері есепшоттарының несиесі), сондай-ақ 33-ші "Берілген аванстар" бөлімшесіндегі есепшоттарда ескерілетін сомаларды жатқызу жайындағы операциялар көрсетіледі.

Есеп беру мезгілінің аяғында төленбей қалған сомалар жеткізілімшілердің (мердігерлердің) әрбір есепшоты бойынша жеке саналады және 15-ші "Есеп беру мезгілінің соңындағы төленбеген есепшоттар бойынша қалдық" бағанына жазылады.

Есеп беретін тұлғалармен есеп айырысуды есепке алу ведомостісі (В-3)

В-3 нысаны бойынша ведомость 333-ші "Жұмыскерлер мен басқа тұлғалардың берешегі" есепшотында көрсетілген жұмыскерлер мен басқа тұлғалардың берешегі жөніндегі операцияларды есепке алу үшін арналады.

Ведомость жұмыскерлер мен басқа тұлғалардың берешек қалдықтарын берешектің туындаған датасын көрсете отырып бұрнағы есеп беру мезгілінің ведомостісінен көшіру арқылы ашылады.

Ағымдағы есеп беру мезгілінде берілген аванстар, асқан шығынды толтыру сомалары (берілген авансқа қарсы), жұмыскерлерге табыс етілген несиелер 333-ші "Жұмыскерлер мен басқа тұлғалардың берешегі" есепшотындағы дебет бойынша 42-ші "Банктердің арнаулы есепшоттарындағы ақша қаражаттары", 43-ші "Валюталық есепшоттағы қолма-қол ақша", 44-ші "Есеп айырысу есепшотындағы қолма-қол ақша", 45-ші "Кассадағы қолма-қол ақша" бөлімшелері есепшоттарының несиелі корреспонденциясында көрсетіледі.

9-11-бағандарда 333-ші "Жұмыскерлер мен басқа тұлғалардың берешегі" есепшотындағы несие бойынша тиісті есепшоттары бар корреспонденцияда пайдаланылмаған аванстар, берілген несиелер мен жұмсалған есептегі сомаларды қайтару сомаларының операциялары көрсетіледі.

Есеп беру мезгілінің соңындағы қалдықтар есеп беретін тұлғалар қимасында саналады және 13-ші "Берешек қалдығы" бағанына жазылады.

Есеп беру мезгілі соңында несиелік қалдықты алған кездерде түзілген берешек сомасын "Басқа несиегерлік берешек пен есептелгендер" бөлімшесінің 687-ші "Басқалар" есепшотына көшіру керек.

Тауарлық-материалдық запастарды есепке алу ведомостісі (В-4)

В-4 нысаны бойынша ведомость ІІ-ші "Тауарлық-материалдық запастар" бөлімінің есепшоттарында көрсетілген тауарлық-материалдық запастардың қозғалысын талдамалы және жинақтамалы есепке алуға арналады.

Ведомость есеп беру мезгіліне ашылады және материалдық жауапкершілік тұлғалармен (немесе бухгалтерияда) материалдар мен тауарлар бойынша жеке-жеке запастардың барлық түрлерінің қимасында олармен есеп беру мезгілінде қозғалыс бар-жоқтығына қарамастан жүргізіледі.

В-4 нысаны бойынша ведомостіні пайдаланумен тауарлық-материалдық запастарды есепке алуды жүргізетін екі және одан да көп материалдық жауапкершілік тұлғалар барда көрсетілген ведомостілер негізінде бухгалтерияда тұтастай субъект бойынша есеп беру мезгілінде запастардың бар-жоқтығын және қозғалысын жинақтап есепке алу үшін осы нысандағы ведомость жасалады.

Материалдар мен тауарлардың құны жеткізілімшілердің есеп айырысу құжаттарында көрсетілген алуға кеткен шығындарға, көлік шығындарына, үстемелеріне қарап анықталынады және ведомостіде көрсетіледі.

ІІ-ші "Тауарлық-материалдық запастар" бөлімі есепшоттарының дебети бойынша ведомостіде материалдар мен тауарлардың түсуі корреспонденцияланған есепшоттардың қимасында олардың саны мен құны көрсетіле көрініс табады (67-ші "Жеткізілімшілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" бөлімшесінің, 68-ші "Басқа несиегерлік берешек пен есептелгендер" бөлімшесінің 687-ші "Басқалар" есепшотының ақша қаражаттарын есепке алу).

Есепшоттың несиесі бойынша материалдар мен тауарларды өндіріс пен сатуға олардың саны мен құнын корреспонденцияланған есепшоттардың (900-шы "Негізгі өндіріс", 802-ші "Сату үшін алынып өткізілген тауарлардың өзіндік құны", 811-ші "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу жөніндегі шығындар және басқа) қимасында көрсете отырып жіберу туралы мәліметтер ж а з ы л а д ы .

Есеп беру мезгілінің аяғына ведомостіде есеп беру мезгілінің соңындағы сальдо көрініс табады, содан кейін ол Жиынтық ведомостіге және келесі есеп беру мезгіліне ашылатын ведомостіге көшіріледі.

Еңбекақыны есепке алу ведомостісі (В-5)

В-5 нысаны бойынша ведомость 681-ші "Еңбекақы жөнінде жұмыскерлермен есеп айырысулар" есепшотында ескерілген субъект жұмыскерлерімен есептесуді е с е п к е а л у ү ш і н а р н а л а д ы .

Ведомость жұмыскерлердің банкте сақталынған жалақысы бойынша субъектінің берешегін бұрнағы есеп беру мезгілі үшін ведомостісінен көшіру ж о л ы м е н а ш ы л а д ы .

681-ші "Еңбекақы жөнінде жұмыскерлермен есеп айырысулар" (4-6 бағандар)

есепшотының несиесі бойынша ведомостіде жұмыскерлерге (штатта тұрғаны бар , тұрмағаны бар) субъект қабылдаған еңбекақы жүйесі мен нысанына қарап саналып, орындалмаған жұмыс үшін еңбекақы (сыйақыны қосқанда) жөнінде есептелген сомалар көрсетіледі. Жалақы ведомостіде жұмыскерлердің дәрежелері , есепке алу объектілері, өндіріс түрлері бойынша топтасады.

Бір мезгілде (7-8-бағандар) жұмыскерлердің еңбекақысы бойынша есептелінген сомалардан Қазақстан Республикасының іс-қимылдағы заңдар жиынтығына сәйкес барлық ұсталымдар есептеледі және жұмыскерлердің қолына берілетін сома анықталады (9-баған).

Есеп беру мезгілінің соңында еңбекақы бойынша берілмеген сомалар 12-ші "Есеп беру мезгілінің соңындағы берешек қалдығы" бағанына жазылады.

В-5 нысаны бойынша ведомостіде сондай-ақ жұмыскерлердің еңбекақы сомасынан тағайындалған тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қорына, міндетті медициналық сақтандыру Қорына, еңбекпен қамтуға ықпал ету Қорына, зейнетақына төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа міндетті жарналар мен аударымдардың сомалары анықталады.

Осынау ведомостінің мәліметі негізінде В-7-ші "Есеп беру мезгілінің шығындарын есепке алу" нысаны жөніндегі ведомостіде 65-ші "Бюджеттен тыс төлемдер бойынша есептесулер" бөлімшесі есепшоттарының несиелері бойынша айналымдар көрсетіледі.

Есептесулер мен басқа операцияларды есепке алу ведомостісі (В-6)

В-6 нысаны бойынша ведомость V-ші "Меншік капитал" бөлімінің және 33-ші "Басқа дебиторлық берешек", 34-ші "Келешек мезгілдерінің шығындары", 35-ші "Берілген аванстар", 60-шы "Несиелер", 61-ші "Келешек мезгілдерінің кірістері", 62-ші "Дивиденділер бойынша есептесулер", 63-ші "Бюджеттен есеп айырысулар", 65-ші "Бюджеттен тыс төлемдер бойынша есептесулер", 66-шы "Алынған аванстар", 68-ші "Басқа несиегерлік берешек пен есептелгендер" (681-ші "Жалақы бойынша жұмыскерлермен есеп айырысулардан" басқа), 85-ші "Табыс салығы бойынша шығындар" бөлімшелерінің есепшоттарында ескерілген операцияларды есепке алу үшін арналған.

Бірнеше бухгалтерлік есепшоттарда ескерілетін операцияларды көрсету үшін ведомостінің бір бланкісін қолданған кезде олардың әрқайсысына ведомостіде қажетті жол саны бөлінеді және "Негіздеме" бағанында есепшоттың нөмірі мен а т а у ы ж а з ы л а д ы .

Есепшоттарды белсенді және пәс деп бөлу тұрғысынан ведомостіні ашқан кезде есеп беру мезгілінің басындағы қалдықтар пәс есепшоттар бойынша кредиттік, ал белсенді есепшоттар бойынша дебеттік болу тиісті ескерілуі керек.

Есеп беру мезгілінің шығындарын есепке алу ведомостісі (В-7)

В-7 нысаны бойынша ведомость тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіруге кеткен шығындарды, мезгіл шығындарын және бітпеген құрылыс жөніндегі шығындарды есепке алуға арналады.

Ведомостінің 2-9 бағандары басқа ведомостілерде бар мәліметтер негізінде толтырылады. Мысалы, В-3 нысаны бойынша ведомостіде есеп беретін тұлғалардың шығындары, В-2 нысаны бойынша ведомостіде коммуналдық қызмет көрсету жөнінде бөтен ұйымдар қызметінің құны және т.б. Есеп беру мезгілі шығындарының жалпы сомасын есептеу 10-шы "Барлық шығындар" бағанында жүргізіледі.

Бітпеген өндірістің айдың басындағы қалдықтары (II-баған) ведомостіде В-7 нысаны бойынша ведомостінің бұрнағы есеп беру мезгілі үшін тиісті мәліметтерге сәйкес көрсетіледі, ал есеп беру мезгілінің соңындағы қалдық (12-бап) аяқталмаған өндірісті түгендеу актілері бойынша анықталады.

Есеп беру мезгілінде шығарылған өнімнің (жұмысының, қызметтің) нақтылы өзіндік құнын анықтау үшін 10-шы "Барлық шығындар" бағасында көрсетілген сомаға есеп беру мезгілінің басындағы бітпеген өндіріс қалдығының сомасы қосылады және есеп беру мезгілінің аяғындағы бітпеген өндіріс қалдығының сомасы алынады. Мұнда мезгіл шығындарына жататын шығындар есеп беру мезгілінің соңында жалпы тағайындалған тәртіппен есептен алынады, ал құрылыс объектілері жөніндегі шығындар алдын ала 126-шы "Бітпеген құрылыс" есепшотында жинақталады және содан кейін пайдалануға қабылдау актісінің негізінде негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің қозғалысын есептеу ведомостісіне (В-8) көшіріледі.

Негізгі құралдар мен бейматериалдық активтер қозғалысының ведомостісі (В-8)

В-8 нысаны бойынша ведомость 10-шы "Бейматериалдық активтер", 12-ші "Негізгі құралдар" бөлімшелерінің есепшоттарында ескерілген негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің бар-жоқтығын және қозғалысын есепке алуға арналады.

Негізгі құралдар жөніндегі мәліметтер ведомостіде айқындамалық тәсілмен алдына ала келесі түрлер бойынша топтастырыла әрбір объектіге жекелей жазылады:

ж е р ;  
құрылыстар мен ғимараттар;  
машиналар мен жабдықтар, берілмелі құрылғылар;  
к ө л і к құралдары;  
б а с қ а л а р .

Ведомость қайта бағалау және бейматериалдық активтерді ескере негізгі құралдар қозғалысының бар-жоқтығы кезінде, бірақ жылына бір реттен сиретпей

толтырылады. Объектінің ішінде негізгі құралдардың орын ауыстыруы ведомостіде көрсетілмейді.

Субъектіде негізгі құрал объектілерінің едәуір мөлшері бар кезінде ол N ОС-6-шы "Негізгі құралдардың инвесторлық карточкасы", ОС-10-шы "Негізгі құралдарды есепке алу" жөнінде инвентарлық карточкаларды түгендеу", ОС-12-ші "Негізгі құралдардың инвентарлық тізімі" біріншілі нысандарын қолданумен есеп жүргізе алады. Карточкалардың қорытындылы мәліметтері негізінде В-8 нысаны жөніндегі ведомостіде негізгі құралдар қозғалысының жиынтық есебі жүргізіледі.

Амортизациялық аударымдарды есепке алу ведомостісі (В-9)

В-9 нысаны бойынша ведомость 11-ші "Бейматериалдық активтер амортизациялары" және 13-ші "Негізгі құралдардың тозуы" бөлімшелерінің есепшоттарында ескерілген негізгі құралдар мен бейматериалдық активтер жөніндегі амортизациялық аударымдардың есептелген сомаларын есепке алу үшін арналады.

Амортизацияның есептелген сомасы есеп беру мезгілінің соңындағы негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің (В-8 нысаны бойынша ведомость) және амортизациялық аударымдар нормаларының құны туралы мәліметтер тұрғысынан негізгі құралдардың әрбір объектісі бойынша анықталады (салық заңында қолданылатын тәсіл мен ережелерге сәйкес анықталатын амортизациялық аударымдар сомаларынан басқа).

6-8 бағандар негізгі құралдар мен бейматериалдық активтер жөнінде оларды пайдалану мерзіміне бастап жиналған тозуды (амортизацияны) көрсету үшін арналған.

Есептелінген амортизациялық аударымдардың сомалары есеп беру мезгілінің шығындарын түзілдіру кезінде (В-7 нысаны бойынша ведомость) және негізгі құралдарды жою нәтижесін анықтағанда (В-8 нысаны бойынша ведомость) қолданылады.

Сатып алушылар және сұранымшылармен есептесуді есепке алу ведомостісі (В-10 және В-10А)

В-10 және В-10А нысандары жөніндегі ведомостілер 30-шы "Сатып алушылар мен сұранымшылардың берешегі" есепшоттарында ескерілген субъектінің сатып алушылар және сұранымшылармен өткізілген айналымнан тыс активтер, қаржылық инвестициялар және тауарлық-материалдық запастар үшін есептесулерді есепке алуға арналады.

Субъектілер қолданылатын кіріс пен шығысты тану әдісіне байланысты ведомостілердің әралуан нысандарын пайдаланады. Мәселен, кіріс пен шығысты есептеу тәсілімен анықталған кезде В-10 нысаны, ал кіріс пен шығысты жаңартылған есептеу әдісімен анықтаған сәттен В-10А нысаны қолданылады.

Активтерді сатып алушыға (сұранымшыға) түсіру және шығару кезінде ведомостілерде жазбалар сатып алушының (сұранымшының) әрбір есепшоты бойынша айқындамалық тәсілмен жүргізіледі.

Сатып алушылардың (сұранымшылардың) есеп беру мезгілінің басына берешек қалдықтары бұрнағы есеп беру мезгіліндегі тиісті ведомостіден көшіріледі.

1) В-10 нысаны бойынша ведомость

5-8-бағандарда өткізілген активтердің бұйымдардың атаулары немесе топтары бойынша мөлшерлік мәліметтері көрсетіледі. "Табыс етілген есепшоттар бойынша сома" бөліміне (9-11-бағандар) сатып алушыларға табыс етілген есепшоттар жөніндегі сомалар жазылады. Мұнда жанама салықтардың (қосымша құн салығы мен акциздер) және активтерді өткізгендегі кіріс сомалары жеке-жеке көрсетіледі.

Табыс етілген есеп-фактураны төлеу жөніндегі банктің шыққан шығасылы қағазы, кассалық ордерлер немесе басқа да ақшалық құжаттар негізінде "Төлеу" бөлімінде (12-15-бағандар) көрсетіледі. Осы бөлімге 66-шы "Алынған аванстар" бөлімшесінің тиісті есепшоттарында ескерілген сомалар көшіріледі. Активтерді қайтару немесе жеңілдіктер беру "Төлеу" бөлімінің 14-бағанында қайтарып жасалған немесе жеңілдік берілген есепшотты көрсете көрініс табады.

Сатып алушылар мен сұранымшылардың дебиторлық берешегі ведомостіде өткізу құны бойынша санатқа кіреді.

2) В-10А нысаны бойынша ведомость

6-9-бағандарда түсіндірілген, бірақ төленбеген активтердің нақтылы өзіндік құны жөніндегі мәліметтер көрсетіледі. Түсірілген активтерді төлеу немесе оларды қайтару кезінде бұрын нақтылы өзіндік құны бойынша жазылған дебиторлық берешек сомасы қысқартылады. Бір мезгілде өткізілген және есептен шығарылған активтер бойынша қажетті жазбалар (жалпы тәртіппен) В-6 нысаны жөніндегі ведомостіде жүргізіледі.

10-бағанда сатып алушылардың түсірген және төлеген активтерді өткізу құны бойынша (қосымша құн салығы мен акциздерді есепке алмай) мәліметтер көрсетіледі. Бұл баған есеп беру мезгілінде түсірілген активтер үшін алынған сомалар және 66-шы "Алынған сомалар бөлімшесінің есепшоттарынан көшірілген сомалар көрсетілген 12-бағанға сәйкес келуі тиіс".

Сатып алушылар мен сұранымшылардың дебиторлық берешегі түсірілген активтердің нақтысы өзіндік құны жөніндегі ведомостісінің санатында.

Қаржылық инвестицияларды есепке алу ведомостісі (В-12)

В-11 нысаны бойынша ведомость 40-шы "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесінің есепшоттарында ескерілген қаржылық инвестицияларды есепке алу үшін арналады.

Ведомость есеп беру мезгілінің басындағы қаржылық инвестицияның мөлшері және құны туралы мәліметтерді бұрнағы есеп беру мезгілінің ведомостісінен көшіру жолымен ашылады.

40-шы "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесінің есепшоттар дебеті бойынша мөлшері, сатып алу құны және корреспонденциялық есепшоты (ақша қаражаттарын есепке алудың, 67-ші "Жеткізілімшілермен және мердігерлермен есеп айырысулар", 68-ші "Басқа несиегерлік берешек пен есептелгендер" бөлімшелері есепшоттарының несиесі) көрсетіле басқа субъектілерден құнды қағаздарды алу жөніндегі операциялар көрініс табады.

40-шы "Қаржылық инвестициялар" бөлімшесі есепшоттарының несиесі бойынша 12-13-бағандарға сатылған құнды қағаздардың саны мен бағасын жазумен бірге құнды қағаздарды өтеу (өтем) операциялары көрсетіледі.

(В-12) және (В-12А) Жиынтық ведомостілері

В-12 және В-12А нысандары бойынша ведомостілер қолданылып жүрген ведомостілерде айналымдар жөніндегі қорытындыларды жинақтау үшін арналады және Бухгалтерлік балансты толтыру үшін негіздеме боп қызмет ж а с а й д ы .

Субъектілер екі ұсынылған жиынтық ведомостілерінен қолданылып жүрген есепшоттардың көлемі, ақпаратты қайта өңдеу және т.б. тұрғысынан біреуін б е л г і л е й д і .

1) В-12 нысаны бойынша жиынтық ведомостісі.

Жиынтық ведомостісі әрбір есеп беру мезгіліне субъектінің барлық қолданылып жүрген есепшоттарының сальдосын өткен есеп беру мезгіліндегі тиісті жиынтық ведомостісінен көшіру арқылы ашылады.

1-2-бағандарда субъектінің есеп беру мезгілінде қолданатын ведомостілерінің н ө м і р і м е н а т ы ж а з ы л а д ы .

3-12-бағандарда ведомостілер негізінде есепшоттар бойынша дебеттік және кредиттік айналымдардың жазбасы жүргізіледі.

Сонан соң әрбір есепшот бойынша есеп беру мезгілінен кейін бірінші күндегі жай-күйі бойынша сальдо саналады.

2) В-12А нысаны (шахматтық) жөніндегі жиынтық ведомостісі.

В-12А нысаны бойынша жиынтық ведомостісі есепшоттардың айналымдары жөніндегі қорытындыларды жинақтау үшін ғана емес, сонымен бірге бухгалтерлік есептің есепшоттары бойынша жүргізілген жазбалардың дұрыстығын өзара тексеру үшін қызмет етеді.

Жиынтық ведомостілері әрбір есеп беру мезгіліне субъектінің барлық қолданып жүрген есепшоттарын өткен есеп беру мезгіліндегі тиісті ведомостіден к ө ш і р у ж о л ы м е н а ш ы л а д ы .

Тік сызық бойындағы жиынтық ведомостіде есепшоттар олардың өсу ретімен






Б а р л ы ғ ы :

Есептелген жалақы сомасы  
Міндетті жарналар мен аударулардың сомалары  
Еңбекпен қамтуға ықпал ететін Қор  
Зейнетақыны төлеу жөнінде Мемлекеттік орталық

Кәсіпкер \_\_\_\_\_

(Фамилиясы, аты-жөні) Қолы

23-БЕС-на 2-ҚОСЫМША

**Шаруашылық операцияларын есепке алу кітабы**

19 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ үшін

Ұйым \_\_\_\_\_

Сала (қызмет түрі) \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі: теңге \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Банк мекемелерінде ашылған есеп айырысу және

басқа есепшоттарының нөмірі \_\_\_\_\_

Тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_

| N | Операцияларды тіркеу | Қаражаттардың есепшоттар

п/п	Дата және құжаттың	Операция мазмұны	Сомасы	N 144	
				(кіріс)	(шығыс)

1	2	3	4	5	6

--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--

бойынша бар-жоғы және қозғалысы

N 45	N 671	N 681	N
------	-------	-------	---

кіріс)	(шығыс)	(кіріс)	(шығыс)	(кіріс)	(шығыс)	(кіріс)	(шығыс)
--------	---------	---------	---------	---------	---------	---------	---------

7	8	9	10	11	12	13	14
---	---	---	----	----	----	----	----

--	--	--	--	--	--	--	--

Басшы \_\_\_\_\_

(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

Бас есепші \_\_\_\_\_

(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

23-БЕС-на 3-ҚОСЫМША \_\_\_\_\_

Ұйым В-1  
 Ақшаларды есепке алу ведомостісі  
 есепшот бойынша 19 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ үшін  
 Есеп беру мезгілінің басындағы сальдо \_\_\_\_\_

N	Дата	Операция мазмұны	Есепшот кредитінен есепшоттар дебетіне					
			N	N	N	N	N	бар.



N	Жеткізілімші	Есеп беру	Кіріс	Алынған	671-ші есепшоттың				
п/п	мезгілінің құжаты.		ТМЗ-дар	кредитінен	есепшоттардың				
	басындағы		ның N	атауы	дебетіне				
	төленген								
	есепшоттар				N	N	N	бар.	
	бойынша							лығы	
	қалдық								
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

Есепшоттар кредитіне 671-ші				Есеп беру	
есепшоттың кредиті бойынша				мезгілінің	
айналымдар				аяғындағы	
				төленбеген	
N		N		Бар.	есепшоттар
		лығы		бойынша	
дата	сома	дата	сома	қалдық	
10	11	12	13	14	15

Басшы \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

Бас есепші \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

Ұйым

В-3

Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысуларды  
есепке алатын Ведомость

19 \_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ үшін

N 333-есепшот бойынша

N п/п	Есеп беруші тұлғаның ф а м и л и я с ы , а т ы - ж ө н і	Берешектің қалдығы	Есеп беруге берілді (333-есепшоттың есепшоттар кредитіне дебеті)				Барлығы
			N	N	N	N	
1	2	3	4	5	6	7	8

Жұмсалғаны (333-есепшоттың  
барлығы кредитінен  
есепшоттар дебетіне)

Берешектің  
қалғаны

N	N	N	Б а р л ы ғ ы	
9	10	11	12	13

Басшы \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (Қолы)









--	--	--	--	--	--	--	--

Басшы \_\_\_\_\_

(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

Бас есепші \_\_\_\_\_

(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

### 23-БЕС-на 9-ҚОСЫМША

Ұйым

В-7

Есеп беру мезгілінің шығындарын есепке алу  
Ведомостісі

19 \_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ үшін

Есепшоттың атауы	Есепшоттардың кредитінен есепшот дебеті бойынша					Шығындардың барлығы
	бөлім 11,13	бөлім 20	бөлім 65	N 681	N	
1	2	3	4	5	6	7
900 "Негізгі өндіріс						
811 "Тауарларды (жұмыстарды, қыз. меттерді) өткізу жөніндегі шығындар						





		шығару	шығару						
10	11	12	13	14	15	16	17		

Басшы \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)  
Бас есепші \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

23-БЕС-на 11-ҚОСЫМША

-----  
Ұйым

В-9

Амортизациялық аударуларды есепке алу Ведомостісі

Негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің түрлері	Есеп беру мезгілінің соңындағы қалдық		Негізгі құралдар мен (11-ші және			
	мөлшері	негізгі құралдар құны	негізгі құралдар	норма	есептелінген	жылдық айлық есеп беру мезгілі үшін
1	2	3	4	5	6	

бейматериалдық активтердің тозуы (амортизациясы) |  
 13-ші бөлімшелер есепшоттарының кредиті) |

сомалар		Дебеттелген есепшот
есеп беру жылынан бастап	ағымдағы жылдың 1-күніне	
7	8	9

Басшы \_\_\_\_\_ (Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)  
 Бас есепші \_\_\_\_\_ (Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

23-БЕС-на 13-ҚОСЫМША

Ұйым  
 В-10А

**Сатып алушылармен және сұранымшылармен есептесуді есепке алу  
 Ведомостісі**  
 (есептеу тәсілі)

N	Есеп-фактураның N	Сатып алушы (сұранымшы)	Есеп беру мезгілінің басын.	Есепшоттар кредитіне 301-ші есепшот дебеті (есеп беру мезгіліндегі түсірілген өнім)	нақты. ҚҚС-нақтылы өзіндік құн ҚҚС-нақтылы өзіндік құн бойынша есепке алмай алмай	өткізу	N 221	N 222	N	N	өткізу
						құн	құны				құны

			бойын.	бойын.					бойын.
			ша	ша					ша
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

301-есепшоттың  
несиесі  
(төлеуі)

Есеп беру  
|мезгілінің аяғын.  
дағы қалдық

Дата.	Сомасы	Дебет.	нақты.	ҚҚС-н
сы	сы	телін.	лы	есепке
		ген	өзін.	алмай
N 701.		есеп.	дік	өткізу
705		шот	құн	құны
			бойын.	бойын.
			ша	ша
11	12	13	14	15

Басшы \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

Бас есепші \_\_\_\_\_  
(Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

23-БЕС-на 14-ҚОСЫМША

Ұйым

В-11

Қаржылық инвесторларды есепке алу Ведомостісі



Басшы \_\_\_\_\_  
 (Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)  
 Бас есепші \_\_\_\_\_  
 (Фамилиясы, аты-жөні) (Қолы)

23-БЕС-на 15-ҚОСЫМША

В-12

**Жиынтық Ведомостісі**

19 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ үшін

Ұйым \_\_\_\_\_

Сала (қызмет түрі) \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі: теңге \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Банктердің мекемелерінде ашылған есеп айырысу және басқа есепшоттарының нөмірі \_\_\_\_\_

Тіркелім нөмірі \_\_\_\_\_

Ведомостілер		Қаражаттардың есепшоттар бойынша					
N	Атауы	N 441		N 451		N 471	
		дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит
		(кіріс)	(шығыс)	(кіріс)	(шығыс)	(кіріс)	(шығыс)
1	2	3	4	5	6	7	8

-----  
 бар-жоғы және қозғалысы

N 6 8 1 | N

(кіріс)|(шығыс)|(кіріс)|(шығыс)|

9 | 1 0 | 1 1 | 1 2 |





Ведомостіге сәйкес			Есепшот.	1-шінің сальдо.		
N			тардың	сы		
N			дебеті			
N			бойынша			
N	N	N	барлығы	дебет	кредит	
Басшы _____				_____		
(Фамилиясы, аты-жөні)			(Қолы)			
Бас есепші _____				_____		
(Фамилиясы, аты-жөні)			(Қолы)			

23-БЕС-на 17-ҚОСЫМША

Ұйым

Таза кірісті есептеу

Кірістердің (есепшоттар бойынша)						Шығындар (есепшоттар бойынша)							
N	N	N	N	N	N	N	N	N	N	N	N	N	N
				Кірістердің									Шығындар.
				барлығы									дың барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Таза кіріс (залал)

Е с е п м е з г і л і	б е р у ү ш і н		Ж ы л д ы ң б а с ы н а н	
1	5		1	6
-----			-----	

	Басшы _____	
	(Фамилиясы, аты-жөні)	(Қолы)
	Бас есепші _____	
	(Фамилиясы, аты-жөні)	(Қолы)